

7. Криминология: Учебник/Под ред. Н.Ф. Кузнецовой, Г.М. Миньковского. - М., Изд-во МГУ, 1998. – 358 с.
8. Шляпочников А.С., Забрянский Г.И. Выявление латентной преступности //Сов.государство и право. - 1971. - № 5. - С. 98-103.
9. Акутаев Р.М. Латентная преступность: актуальность проблемы и понятие// Государство и право. - 1997. -№ 12. - С. 79-87.
10. Холыст Б. Криминология: Основные проблемы. - М., 1980. – 263 с.
11. Сазонова Н.В. Латентная преступность: понятие, причины, измерение: Дис. ... канд. юрид. наук. - Красноярск, 2004. - 164с.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ҰҚСАСТЫҚТАР МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР: ТҮРКИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

*Джусупова А.М., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Заң факультеті «6В04201-Құқықтану» білім беру бағдарламасының
Ю-23-1к тобының 2-курс студенті*

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы қарым-қатынастар саяси, экономикалық, мәдени және білім беру салаларындағы стратегиялық әріптестікке негізделгені баршамазға мәлім. Түркия 1991 жылы еліміздің тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындап, екіжақты ынтымақтастыққа берік негіз қалады. 2009 жылы екі ел стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойып, 2012 жылы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесін құрды, нәтижесінде тұрақты кездесулер мен ресми сапарлар екі елдің экономикалық, саяси, мәдени байланыстарын нығайтуға ықпал етуде.

Экономикалық ынтымақтастық екіжақты қарым-қатынастардың маңызды бөлігі болып табылады. 2023 жылы Қазақстан мен Түркия арасындағы тауар айналымы қаңтар-тамыз айларында 3,9 млрд долларды құрады, сондай-ақ тауар айналымының көлемін 10 миллиард АҚШ долларына жеткізу жоспарланып отыр. Түрік компаниялары Қазақстанда құрылыс, тамақ өнеркәсібі және қонақ үй бизнесі сияқты салаларда белсенді жұмыс істеп, жалпы сомасы 23 миллиард доллардан асатын жобалардың негізін қалады. Энергетика, ауыл шаруашылығы және инфрақұрылым саласындағы бірлескен жобалар арқылы инвестициялардың да көлемі кеңейуде [1].

Мәдени және білім беру байланыстары Халықаралық қазақ-түрік университетінің Қожа Ахмет Яссауи атындағы филиалдарының жұмысы арқылы нығаюда, олар қазіргі таңда еліміздің төрт қаласында орналасқан. Түркия мен Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымы, Түркітілдес елдердің Парламенттік ассамблеясы және Халықаралық түркі академиясы аясында да тығыз ынтымақтастықта.

Ортақ тарих, мәдени мұра және экономикалық мүдделер Түркия мен Қазақстанды Еуразия аймағындағы негізгі серіктестерге айналдырып, олардың қарым-қатынастарының тұрақты дамуын қамтамасыз етуде. Жалпы берілген жұмыс екі елдің заңды тұрғыдан алғанда, Қылмыстық Кодекстерінің айырмашылықтары мен ерекшеліктеріне салыстырмалы талдауды мақсат етеді. Мақсатқа жету үшін әр елдің қылмыстық кодекстеріне қысқаша сипаттама берсек.

Түркияның Қылмыстық кодексі (Türk Ceza Kanunu) 2004 жылы қабылданып, адам құқықтарын қорғау мен заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған заманауи құқықтық принциптерден құралған. Ол 1926 жылғы ескі кодексті алмастырып, Еуропалық Одақ стандарттарына бейімделген нормаларды енгізді. Кодекс бойынша қылмыстар екі негізгі санатқа бөлінген: жеке тұлғаға қарсы және қоғамға қарсы қылмыстар [2].

Түркия елінің Қылмыстық Кодексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше орын алатынын келесі ақпараттан байқасақ болады, бұнда лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланғаны үшін қатаң жаза көзделген. Берілген жаза және жалпы берілген тәжірибе еліміздің 2015 жылы қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында да қарастырылған. Бұл түйін екі тәуелсіз мемлекет арасындағы ұқсастықтардың бір бастамасы ретінде мысалға алынған болатын. Әрине, әр ел бойынша жаза қылмыстың сипаты мен жағдайларына байланысты өзгереді, жеңілдететін мән-жайлар болған жағдайда жаза жеңілдеуі мүмкін. Түркі Қылмыстық Кодексі кінәсіздік презумпциясы мен күдіктілердің құқықтарын қамтамасыз ету принциптерін басшылыққа алады [3].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (ҚР ҚК) 2014 жылы қабылданып, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Кодекс құқықтық мемлекет құру принциптеріне негізделіп, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған. Ол қылмыстарды алдын алу, әділетті жаза тағайындау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында жасалған [4].

ҚР ҚК қылмыстарды ауырлық дәрежесіне қарай бірнеше санатқа бөледі: онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыстар. Кодексте жазаның түрлері, соның ішінде бас бостандығынан айыру, айыпшұл салу, қоғамдық жұмыстарға тарту сияқты шаралар егжей-тегжейлі қарастырылған.

Кодексте азаматтардың кінәсіздік презумпциясы, әділ сот төрелігі және адам құқықтарын қорғау сияқты негізгі құқықтық принциптерге басымдық берілген. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және жаза тағайындау кезінде олардың ерекшеліктерін ескеру туралы арнайы ережелер бар.

Қазақстанның қылмыстық кодексі халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдірілген, бұл елдің құқықтық жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Кодексте қылмыстың әр түріне нақты анықтамалар мен жауапкершілік шаралары бекітілген [5].

Қазақстан және Түркия Республикасының Қылмыстық Кодекстерінің заңдық аспектілеріне сай құқықтық норма және соған сәйкес бап пен жаза түрі әрі олардың айырмашылықтары жеке түрде қарастырылып, нәтижесі 1-кестеге толтырылды.

1-кесте. Қазақстан мен Түркияның Қылмыстық кодекстерінің заңдық аспектілері

№	Құқықтық норма	Бап және жаза		Айырмашылығы
		Қазақстан	Түркия	
1	Қасақана кісі өлтіру	99-бап бойынша, қасақана кісі өлтіру үшін бас бостандығынан 8 жылдан 15 жылға дейін айырылу қарастырылған, ал ауыр жағдайларда 15 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе өмір бойына бас бостандығынан айырумен жазаланады, сонымен қатар мүлік тәркіленуі немесе тәркіленбеуі мүмкін.	81-бапқа сәйкес, қасақана кісі өлтіру жасаған тұлға өмір бойына түрмеге жабылады.	Қазақстанда кісі өлтіру үшін жазаның түрлері қылмыстың мән-жайына байланысты өзгеріп, мүлік тәркіленуі мүмкін болса, Түркияда қасақана кісі өлтіру үшін міндетті түрде өмір бойына түрмеге жабу жазасы қарастырылған.
2	Абайсызда қазаға ұшырату	104-бап бойынша, бір адамның өлімі абайсызда болса, жаза ретінде үш жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе шектеу көзделген. Ал егер көп адамның өліміне себепкер болған жағдайда, жаза қатаңдатылады және бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейін белгіленеді.	85-бапқа сәйкес, бір адамның өліміне абайсызда себеп болған тұлғаға екі жылдан алты жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Егер бір адамнан көп адамның өліміне себепкер болған немесе бірнеше адамға дене жарақаттары келтірген болса, онда жаза екі жылдан он бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға ұласады. Сонымен қатар, заңда осы қылмыстар үшін мүлік тәркілеу мүмкіндігі де қарастырылған, бірақ бұл шара ерекше жағдайларда қолданылады.	Түркиядағы жазаның ауқымы Қазақстанмен салыстырғанда кеңірек және қосымша санкциялар, соның ішінде мүлік тәркілеу сияқты шаралар да қолданылуы мүмкін.

3	Ұрлық	188-бап бойынша, ұрлық үшін жазаның ұзақтығы бір жылдан үш жылға дейін болуы мүмкін. Егер ұрлық алдын ала келісіммен немесе тұрғын үйге заңсыз кіру арқылы жасалса, жаза қатандатылады. Егер ұрлық бірнеше рет жасалса, жазаның мерзімі ұзартылады.	141-бап бойынша, ұрлық жасалған жағдайда қылмыскерге бір жылдан үш жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы беріледі. Егер ұрлық мемлекеттік мекемелерден немесе қоғамға оң әсер ететін мекемеге жасалса, жазаның мерзімі ұлғаяды. Сондай-ақ, ұрлық түнгі уақытта жасалса, жазаның мерзімі жартылай ұлғаяды.	Қазақстан мен Түркияның қылмыстық кодексінде ұрлыққа қатысты жазалар ұқсас болса да, Түркияда ұрлықтың ауырлататын жағдайларына, әсіресе түнде жасалған қылмыстарға қосымша санкциялар қарастырылған, ал Қазақстанда ұрлықтың бірнеше рет немесе үлкен мөлшерде жасалуы жазаның ұлғаюына әкеледі.
4	Есірткі өндіру және саудалау	297–299-баптар заңсыз өндіріс, сату және есірткілерді тарату үшін ұқсас жазаларды қарастырады, бірақ жазаның мерзімі әртүрлі болуы мүмкін. Егер қылмыс кең ауқымда жасалса, жаза 15 жылға дейін бас бостандығынан айыруды көздейді.	188-бапқа сәйкес лицензиясыз немесе лицензияны бұза отырып, есірткі және психостимуляторлық заттарды өндіру, импорттау, экспорттау немесе сату үшін қатаң жаза тағайындайды, ол 10 жылдан өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейін болуы мүмкін. Егер қылмыс өте қауіпті заттармен байланысты болса немесе сезімтал орындарда (мысалы, мектептер немесе ауруханалар) жасалса, жаза күшейтіледі.	Қазақстан мен Түркияның есірткі саудасы жөніндегі заңдары ұқсас, себебі екі ел де есірткі өндірісі, тарату және сату үшін қатаң жазалар қолданады, алайда Түркияда бұл үшін өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы көзделсе, Қазақстанда жазаның мерзімі қылмыстың ауқымына қарай 15 жылға дейін өзгеріп отырады.
5	Конституцияны бұзу	Қазақстанда Конституцияны бұзу тікелей қылмыстық кодексте бөлек баппен реттелмейді. Бұл мәселелер мемлекеттік опасыздық (ҚР ҚК 175-бабы), билікті күшпен басып алу (ҚР ҚК 179-бабы) және терроризм (ҚР ҚК 255-бабы) сияқты баптар арқылы шешіледі. Осындай әрекеттер үшін жазалау шарасы өмір бойы бас бостандығынан айыру болып табылады.	Түркияның Қылмыстық кодексінің 309-бабы бойынша Конституцияны бұзу әрекеттері, яғни Конституцияға сәйкес орнатылған тәртіпті күшпен өзгерту немесе бұзу әрекеттері өмір бойы қатаң режимдегі түрмеге жазаланады. Егер бұл қылмыс барысында басқа да қылмыстар жасалса, олар бойынша да жаза тағайындалады.	Түркияның Қылмыстық кодексінің 309-бабы бойынша Конституцияны бұзу әрекеттері үшін өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады, ал Қазақстанда мұндай қылмыстарға қатысты шаралар мемлекеттік опасыздық немесе билікті күшпен басып алу сияқты баптар арқылы қарастырылады, олар да өмір бойы бас бостандығынан айыруды көздейді, бірақ арнайы Конституцияны бұзу бойынша бап жоқ.

Түркия мен Қазақстанның қылмыстық кодекстері бойынша жүргізілген талдау негізінде бірнеше қорытынды жасауға болады.

Біріншіден, екі елде де есірткімен байланысты қылмыстарға өте қатаң жаза қолданылады. Түркияда есірткі өндіру, сақтау және сату үшін қатаң жазалар қарастырылған (188-бап), жаза мерзімі өмір бойы бас бостандығынан айыруға дейін жетуі мүмкін, әсіресе қылмыс сезімтал

жерлерде жасалған жағдайда. Қазақстанда да есірткі қылмыстары үшін жаза қатаң, бірақ жаза мерзімі қылмыстың көлеміне байланысты өзгереді. Қазақстан заңнамасында жауапкер ерікті түрде мойындау мен құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық жасаған жағдайда жазаның жеңілдетілуі мүмкіндігі қарастырылған, ал Түркияда жаза жеңілдетілуі қарастырылмаған. Екіншіден, қылмыстық ұйымдар құру мәселесі бойынша Түркияда берілген қылмыстарға 2-6 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған (220-бап). Қарулы ұйым құру жағдайында жаза мерзімін ұлғайту көзделген. Қазақстанда да ұқсас қылмыстарды 257-бап реттейді, бірақ Қазақстан заңнамасында қылмыстық ұйымға ерікті түрде қатысуды тоқтатқан жағдайда жазаны жеңілдету мүмкіндігі бар. Үшіншіден, конституциялық тәртіпті бұзу мәселесінде екі ел де қатал шаралар қолданады. Түркияда, 309-бапқа сәйкес, мемлекеттің конституциялық құрылымына нұқсан келтіруге бағытталған әрекеттер үшін өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Қазақстанда да бұл қылмыстар үшін ұзақ мерзімді жазалар көзделген.

Жалпы алғанда, екі елдің қылмыстық кодекстері қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қатаң жазаларды қолдануды көздейді, бірақ Қазақстанның заңнамасында жазаға жеңілдету мүмкіндіктері қарастырылған, бұл қылмыстың мән-жайларына байланысты икемді тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді. Ал Түркияда жазалар көбінесе қатаң әрі ауыр.

Түркия мен Қазақстанның қылмыстық кодекстерін салыстыруға арналған 2-кестедегі SWOT талдау, екі елдің құқықтық жүйелерінің күшті, әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін көрсетуге бағытталған.

2-кесте. Қазақстан мен Түркияның Қылмыстық кодекстерінің заңдық құрылымын SWOT талдау

<p><u>Күшті жақтар:</u> Қазақстанның Қылмыстық кодексі 2014 жылы жаңартылып, халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілді. Ол қылмыстарды ауырлық дәрежесіне қарай айқын жүйелейді және тергеу мен сот процесін нақты реттейді. Түркияның Қылмыстық кодексі де 2004 жылы қайта қаралып, Еуропалық Одақ стандарттарына сәйкестендірілген. Бұл кодексте адам құқықтарын қорғау және азаптауларға қарсы нақты нормалар енгізілген. Екі елдің де заңдары әділеттілікке, қылмыстарды пропорционалды жазалауға және құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған.</p>	<p><u>Әлсіз жақтар:</u> Қазақстанда құқық қорғау органдары мен сот жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың болуы және заңдардың кейде әртүрлі түсіндірілуі құқықтық сенімділікті төмендетеді. Сонымен қатар, кейбір баптар бойынша жазалау қатаң болуы мүмкін. Түркияда саяси ықпал мен сөз бостандығына қатысты мәселелер жиі сынға ұшырайды. Заңдардың кейбір тұстары күрделі түсіндірмелерді қажет етеді, бұл құқықтық тәжірибеде қиындықтар туғызуы мүмкін.</p>
<p><u>Мүмкіндіктер:</u> Қазақстан үшін халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнату, цифрлық технологияларды сот және тергеу процестеріне енгізу, сондай-ақ қоғамдық диалог арқылы заңнаманы жетілдіру үлкен мүмкіндік болып табылады. Түркия Еуропалық Одақ стандарттарын пайдалана отырып, құқықтық жүйесін ары қарай дамытуға және адам құқықтарын нығайтуға бағытталған реформаларды іске асыра алады. Құқықтық білім беруді арттыру да екі елге тиімді болмақ.</p>	<p><u>Қауіптер:</u> Қазақстанда сот жүйесіне деген сенімсіздік, саяси қысым, және адам құқықтары бойынша халықаралық сындар реформаларға кедергі келтіруі мүмкін. Түркияда ішкі саяси тұрақсыздық, халықаралық қысым және терроризмге қарсы заңнаманың азаматтық құқықтарды шектеу үшін теріс пайдаланылу қаупі бар.</p>

Екі ел де қылмыстық кодекстерін жетілдіру жолында, жазалау мен әділдікті теңгеру, халықаралық адам құқықтары стандарттарына сәйкестендіру бағытында белсенді жұмыс істеп жатыр. Түркия мен Қазақстан қылмыстық кодекстерін салыстырмалы талдау екі елдің заңнамаларындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқын көрсетті. Қоғамдық қауіпсіздікке

катысты ережелерде елеулі ұқсастықтар бар, бірақ қылмыстық жауаптылықтың жасы, жазаның ауырлығы және қылмыстық қудалау жүйесінің ұйымдастырылуы сияқты салаларда елеулі айырмашылықтар бар.

Түркия мен Қазақстандағы қылмыстық жазалардың қолданылуы және олардың тиімділігі бойынша бірнеше түрлі көзқарастар мен тәжірибелер кездеседі. Бұл салыстыру екі елдің құқық қорғау жүйелері мен қылмыстық құқықтың болашағы тұрғысынан маңызды маңызға ие, әсіресе қылмыстың алдын алу және адам құқықтарын қорғау мәселелерінде. Сонымен қатар, екі елдің заңнамаларында қылмыстық жазалардың ізгілендірілуі мен тиімділігін арттыру, қылмыстық қудалау жүйесінің жетілдірілуі бойынша қосымша назар аударуды талап ететін бірқатар аспектілер бар.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі. Қазақстан-Түркия тауар айналымы.
<https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/news/details/647148?lang=kk>
2. ТЕЛЛЕНБАХ, С. (2006). О новом Уголовном кодексе Турции. Уголовное право, (2), 72-77.
3. Sayılı Türk Ceza Kanunu.
<https://www.mkilavuz.av.tr/?p=mevzuat&id=138>
4. БАЛТАБАЕВ, К. Ж. (2017). Особенности Уголовного кодекса Республики Казахстан. Уголовное право, (4), 18-25.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКІЯ ЕЛІНІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСТЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛАР

Еділбай М.Е., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Заң факультеті Ю-23-1к тобының студенті

Ғылыми жетекші: Алтайбаев С.Қ., академик Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, з.ғ.к.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 жылы қабылданған, ал қазіргі қолданыстағы редакциясы 2014 жылы 3 шілдеде бекітілген. Кодекс жалпы және ерекше бөліктен, 7 бөлім 18 тараудан тұрады. Қылмыстық Кодекстің жалпы бөлігі 7 бөлімнен тұрады, олар: қылмыстық заң, қылмыс, жаза, жаза тағайындау, қылмыстық жауаптылық пен жазалаудан босату, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары. Әр бөлім баптарға бөлінген. Оларда қылмыс түсінігі, кінәнің түрі мен формалары, жаза түрлері мен мөлшері, жаза тағайындау тәртібі, қылмыстық жауаптылық деген түсініктер қарастырылады. Ерекше бөлік 18 тараудан тұрады. Ерекше бөлімнің жалпы бөлімнен ерекшелігі — ерекше бөлімде тек нақты қылмыстар қаралады. Ерекше бөлімнің әрбір бабы диспозиция мен санкциядан тұрады.

Ал Түркия Қылмыстық Кодексі алғаш рет 1926 жылы қабылданды, соңғы негізгі өзгерістер 2004 жылы енгізілді. Түркия кодексі 3 кітаптан тұрады. 1-кітапта қылмыстық жауапкершіліктің жалпы негіздері, 2-кітапта қылмыстар, 3-кітапта теріс қылықтар егжей-тегжейлі қарастырылған. 1-кітабының өзінде 592 бап қарастырылған.

Қазақстан мен Түркия Республикаларының қылмыстық кодекстерін салыстыру олардың құқықтық жүйелерінің ерекшеліктерін, қылмыстық заңнамасының құрылымын және қолдану практикасын түсінуге мүмкіндік береді.

Жазаның түрлері мен мақсаты:

Қазақстанда негізгі жаза түрлері: айыппұл, қоғамдық жұмыстар, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру. Жазаның мақсаты қылмыскерді түзету, қайта әлеуметтендіру және қылмыстың алдын алу. Түркия елінде жазаның негізгі түрлері: түрме жазасы, айыппұл, қоғамдық қызмет. Жазаның мақсаты — қоғамды қорғау және қылмыскерді түзету.